

Оқушылардың республикалық олимпиадасы
I тур
10-сынып

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен олимпиаданың 1-кезеңінде берілген эссе тақырыптары:

1. Абайдың отыз екінші қарасөзіндегі ұлттық мүдде (ойыңызды дәлелдеп жазыңыз)
2. «Күй» повесінің тарихи және көркемдік құндылығы (ойыңызды нақты дәлелдермен талдап жазыңыз)
3. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы (ойыңызды нақты мысалдармен дәлелдеп жазыңыз)

Эссені бағалау критерийлері:

1. Эссе тақырыбының сәйкестігі, мағыналық тұтастық, ой байланысы, мазмұндаудың жүйелілігі – 10 ұпай;
 2. Мәселені берілген тақырып аясында нақты дәлелдемелермен шешу, өзіндік тұжырымдардың берілуі – 10 ұпай;
 3. Ұсынылған тезистердің сауатты дәлелдемелермен дәйектелуі, түрлі көзқарастардың берілуі, мәселеге қатысты дәйексөз, сандық деректер, ғылыми мәліметтерді қолдану мен дереккөздерді рәсімдеу талаптарының сақталуы – 10 ұпай;
 4. Ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолдана алу қабілеті, ойлау ерекшелігі, күтпеген пікір немесе сауал туындауына ықпал ету, пікірдің шынайылығы – 10 ұпай;
 5. Мәтінде қазақ тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық нормалары, орфография мен пунктуация ережелерінің сақталуы – 10 ұпай.
- Жазба жұмыстан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50 ұпай.